

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 1236 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қайрат Нематұлы Келімбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға екілеттік

б е р і л с і н .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.19 № 1461 Қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

C. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

24

қыркүйектегі

№

1 2 3 6

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМІ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАЗЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері,

ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттерге оларды енгізу бойынша іс-шаралардан тұратын жобалар мен бағдарламаларды қалыптастыру және іске асыру кезінде ЕурАЗЭҚ мүше

мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы Шартқа негізделе отырып және ЕурАЗЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 533 шешімімен бекітілген (мемлекеттер басшыларының деңгейінде), 2011-2013 және кейінгі жылдарға арналған ЕурАЗЭҚ дамуының басым бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар ережелерін ескере отырып,

ресурстарды қажетсінетін жабдықты, зияткерлік әлеуетті бірлесіп және тиімді пайдаланудың маңыздылығын мойындағы отырып, азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімділігін арттыру, ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмектің сапасын және қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ ғылымды қажетсінетін заманауи технологиялар мен инновацияларды пайдаланудың негізінде ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіру мақсатында,

жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы заңнаманы үйлестірудің қажеттілігіне негізделе отырып, денсаулық сақтау саласындағы халықаралық шарттарды және Тараптардың заңнамасын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - бап

Осы Келісімнің мақсаты ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

2 - бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін жоғары технологиялық медициналық көмек термині емдеудің күрделі және (немесе) бірегей жаңа әдістерін, сондай-ақ тиімділігі ғылыми дәлелденген көп ресурс жұмсалатын емдеу әдістерін, оның ішінде жасушалық технологияларды, роботталған техниканы, ақпараттық технологиялар мен медициналық ғылымды және ғылым мен техниканың бір-бірімен байланысты салаларының жетістіктерінің негізінде әзірленген гендік инженерия әдістерін қолданумен медициналық шаралар қолдануды білдіреді.

3-бап

ЕурАЗЭҚ-қа мүше мемлекеттердің жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары: жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін және сапасын

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық
м е д и ц и н а л ы қ к ө м е к к ө р с е т у ;

денсаулық сақтауға инновациялық медициналық технологияларды енгізу (шара
қ о л д а н у) ж ә н е т ә ж і р и б е ал ма с у ;

медициналық кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың тиімді жүйесін
қ а м т а м а с ы з е т у ;

жоғары технологиялық медициналық көмекпен байланысты ғылыми және
өнеркәсіптік с а л а л а р д ы д а м ы т у ;

жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетудің түрлі арнайы
бағдараламаларын іске асыру болып табылады.

4-бап

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыру мақсатында Тараптар ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерін үйлестіру кезінде Тараптар мына ш а р т т а р д ы с а қ т а й д ы :

адамдардың денсаулығы туралы деректерді тіркеу жеке тұлғаның қадір-қасиеті төмендетілмей және дербес медициналық деректерді жинаудың мақсаты туралы адам ақпарат алған жағдайда жүргізілуі тиіс;

адам денсаулығының жай-күйі туралы деректердің заңсыз таратылуына жол бермеу ;

Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың олар туралы ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету.

5 - бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес мына негізгі қағидаттарға үйлестірілген нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп қабылдайды:

ұлттық және мемлекетаралық деңгейде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуде үйлестірілген стандарттарды пайдалану (клиникалық хаттамалар, түрлер);

жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуде мемлекетаралық ақпараттық ал ма с у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

Уәкілетті органдар немесе ұйымдар жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетудің ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқа мәселелері бойынша тәжірибе алмасуды жүзеге асырады.

6 - бап

Т а р а п т а р :

халыққа жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге арналған үйлестірілген нормативтік құқықтық актілерді қолдануға және оларды өзірлеуге қатысқан Тараптар мемлекеттерінің атқарушы билік органдарының өзара іс-қимыл жа са уына;

жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету кезінде адамның құқықтары мен бостандығын қорғау бойынша шараларды қабылдауға;

ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету саласындағы құжаттамасын біріздендіруге, оны өндегуге, сактауға, ақпаратты пайдалануға және қорғауға жәрдемдеседі.

7 - бап

Тараптар ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмектің сапасын және қол жетімділігін арттыруға:

ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетудің тәжірибесімен алмасу;

акпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, трансшекаралық ақпараттық өзара әрекет етуді ұйымдастыру үшін ЕурАЗЭК-қа мүше мемлекеттердің азаматтарына жоғары технологиялық медициналық көмектің сапасын және қолжетімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды өзірлеу арқылы жәрдемдеседі.

8-бап

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетумен байланысты дербес деректерді беру Тараптар мемлекеттерінің дербес деректерді қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық құжаттарды Тараптар орыс тілінде ұсынады.

9-бап

Осы Келісімнің күшіне енген күннен бастап 30 күннің ішінде Тараптар осы Келісімді іске асыруға жауапты уәкілетті органдарды және/немесе ұйымдарды анықтайды, олардың тізбесі әрбір Тараппен айқындалып, депозитарийге жолданады.

Тараптардың әрбіреуі аталған тізбе өзгерген жағдайда 30 күннің ішінде депозитарийге жазбаша хабарлайды.

10 - бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша бірлескен іс-шараларды шарт негізінде жүргізуге ықпал етеді.

11 - бап

Осы Келісім Тараптардың әрбіреуінің олар қатысушы болып табылатын халықарапалық шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне тиіспейді.

12 - бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамамен ресімделеді.

13 - бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндірумен және (немесе) қолданумен байланысты даулар келіссөздер консультациялар жүргізу арқылы шешіледі.

Егер дау келіссөздер және жүргізу арқылы даудың бір тарапынан екінші дау тарапына оларды өткізу туралы жазбаша ресми өтініш жасаған күннен бастап алты айдың ішінде реттелмесе, кез-келген тарап осы дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сотының қарауына тапсыра алады.

14 - бап

Осы келісім оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийдің алған күнінен бастап 30-шы күнде күшіне енеді

15-бап

Күшіне енген күнінен бастап осы Келісім ЕурАЗЭҚ-қа мүшелікке қабылданған өзге мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжат депозитарийге сақтауға т а п с ы р ы л а д ы .

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

16 - бап

Әрбір Тарап депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлап осы Келісімнен шыға а л а д ы .

Депозитарий тиісті хабарлама алған күннен бастап алты ай өткен соң, осы Келісім мұндай Тарапқа қатысты іс-әрекетін тоқтатады.

Бір тұпнұсқалық данада орыс тілінде 201___ жылғы "___" қаласында жасалды. Осы Келісімнің тұпнұсқалық данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын ЕурАЗЭҚ Интеграциялық комитетінде сақталады және ол Келісімнің куәландырылған көшірмесін Тараптарға жолдайды

Беларусь Республикасы Үкіметінің атынан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан

Қыргыз Республикасы Үкіметінің атынан

Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан

Тәжікстан Республикасы Үкіметінің атынан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК